№ исх: 23-09/1273 дз от: 25.03.2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

___________________________

№_________________________

**Қазақстан Республикасы**
**Парламенті Мәжілісінің**
**депутаты Ф.А. Қаратаевқа және**
**«Nur Otan» партиясы**
**фракциясының басқа да мүшелеріне**

*2021 жылғы 24 ақпандағы*
*№ ДС-72 хатқа*

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің еліміздің тұрғын үй секторында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

***Көп пәтерлі тұрғын үйлердің, әсіресе, уақытша құрылыстардың, саяжайлардың және басқа да тұрғылықты жерлердің тұрғындарына заттай көмек көрсетуге қатысты***

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, 2018 жылы Төтенше жағдайлар министрлігінің *(бұрынғы ІІМ ТЖК)* бастамасы бойынша ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті *(бұдан әрі – ИИДМ Құрылыс істері комитеті)* «Бір пәтерлі тұрғын үйлерді және олардың инженерлік жүйелерін жобалау» ҚР ҚН 3.02-02-2018 құрылыс нормаларына жеке тұрғын үйлерді дербес түтін өрт датчиктерімен жабдықтау бойынша талап енгізді.

Пәтерлерде адамдардың жаппай қаза табуына байланысты Төтенше жағдайлар министрлігі ағымдағы жағдайға және көппәтерлі тұрғын үйлерге қойылатын талаптарға талдау жүргізді.

Талдау нәтижелері бойынша ТЖМ қабаттылығына қарамастан, жаңадан жобаланатын көп пәтерлі тұрғын үйлерді автоматты өрт дабылы жүйелерімен, сондай-ақ улы газ концентрациясының рұқсат етілген деңгейінен асқан кезде газ беруді автоматты түрде тоқтататын газдануды бақылау жүйелерімен жарақтандыру бойынша, дыбыстық сигналы бар түтін хабарлағыштарымен міндетті жабдықтау бөлігінде түзетулер дайындады.

Қазіргі уақытта ТЖМ ИИДМ Құрылыс істері комитетімен бірлесіп құрылыс нормаларына осы түзетулерді енгізу мәселесін пысықтап жатыр

25.03.2021 Копия электронного документа.

(*ҚР ҚН 2.02-11-2002 «Ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды автоматты өрт дабылы жүйелерімен, автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен және адамдарды өрт туралы хабардар ету жүйелерімен жабдықтау нормалары» және ҚР ҚН 3.02-02-2018 «Бір пәтерлі тұрғын үйлерді және олардың инженерлік жүйелерін жобалау»).*

Сонымен қатар жергілікті атқарушы органдар халықтың осал топтарының тұрғын үйлерін датчиктермен өтеусіз негізде жарақтандыру жұмысын азаматтық қорғау, әлеуметтік қорғау, білім беру және полиция органдарын тарта отырып жүргізуде.

2019 жылдан бері 100 мыңнан астам датчик орнатылды, олардың дер кезінде іске қосылуының арқасында 70 адам аман қалды.

ТЖМ ақпаратына сәйкес 2020 – 2021 жылдары жылыту кезеңінде әлеуметтік жағынан осал азаматтардың үйлерінде өрт *(35,4 есе)* және қаза болғандар саны *(38 есе)* азайғаны байқалды *(2019-2020 жж. – 354 өрт, 38 адам қаза болған, 2020-2021 жж. – 10 өрт 1 адам қаза болған).*

Бұл бағаттағы жұмысты өңірлердің әкімдіктері жалғастыруда.

***Жамбыл, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстарында орын алған төтенше жағдайларға жүргізілген тергеу нәтижелері бойынша кінәлі лауазымды адамдарды жауапкершілікке тарту мәселесіне қатысты***

Петропавл қаласында тұрмыстық газдың жарылуы, сондай-ақ Жамбыл облысының Жаңатас қаласында және Қызылорда қаласында өрт шығу фактілері бойынша Ішкі істер министрлігі қылмыстық іс қозғады, тиісті сараптамалар *(өрт-техникалық, сот-медициналық және жарылыс-техникалық сараптамалар)* тағайындалды.

Бұл ретте Жамбыл облысы Жаңатас қаласындағы өрт бойынша Жамбыл облысы төтенше жағдайлар департаментінің өрттерді зерттеу жөніндегі маманының алдын ала қорытындысына сәйкес өрттің техникалық себебі ашық оттың жанғыш материалдарға *(ағаш, қағаз, материя, пластик және т.б.)* таралуынан болған, өрт пәтердегі балалар бөлмесінен шыққан, бұл балалардың отпен ойнауының салдары *(сіріңке, оттық және т.б.)* болуы мүмкін.

Тергеу іс-қимылдары аяқталғаннан кейін *(өрттің себептерін анықтау)* тиісті лауазымды адамдардың іс-әрекеттеріне баға беріледі және олардың жауапкершілігі анықталады.

Өрттер бойынша қылмыстық істерді тергеу барысы Ішкі істер министрлігінің ерекше бақылауына тұр.

***Тұрғын үйлерде өрт қауіпсіздігі мәселелерін ерекше бақылауға алуға және өрт профилактикасы бойынша жүйелі жұмысты күшейтуге қатысты***

Азаматтық қорғау органдары жыл сайын өрттерді, газ баллондарының жарылыстарын, тұрғын үй секторында адамдардың қаза болуы мен жарақаттануын азайтуға бағытталған профилактикалық іс-шаралар кешенін іске асыруда.

Карантиндік шектеулердің енгізілуіне байланысты 2020 – 2021 жылғы жылыту кезеңінде атаулы профилактикалық жұмыстар негізінен хабарлама

тәртібінде, байланыссыз іс-шаралар жүргізу және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүргізіледі.

Ағымдағы жылғы жылыту кезеңінде 2 млн астам үй араланды, шамамен 4 млн азаматқа нұсқау берілді.

Аралау барысында 476 мыңнан астам жеке тұрғын үйде 661 мыңнан астам өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы анықталды, 246 мыңнан астамы аралау барысында жойылды *(пеш алды оттық табақтарын орнату, жылыту аспаптарының үстіне киімді кептіру және т.б.).*

Аталған жұмысты уәкілетті мемлекеттік органдар жүйелі негізде жүргізіп отырады.

Жалпы тұрғын үй секторында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі уәкілетті мемлекеттік органдардың тұрақты бақылауында тұр.

**А. Мамин**

Орын. А.Т. Ертаев
тел. 74-51-09

**Депутату**
**Мажилиса Парламента**
**Республики Казахстан**
**Каратаеву Ф.А. и другим членам**
**Фракции партии «Нұр Отан»**

*На № ДС-72 от 24.02.2021г.*

**Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев Ваш депутатский запрос относительно обеспечения пожарной безопасности в жилом секторе, сообщаю следующее.

***Касательно оказания предметной помощи жителям многоэтажных жилых домов, особенно времянок, дач и других мест проживания***

С учетом международного опыта в 2018 году по инициативе Министерства по чрезвычайным ситуациям *(ранее КЧС МВД)* Комитетом по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития *(далее – КДС МИИР)* в строительные нормы СН РК 3.02-02-2018 «Проектирование одноквартирных жилых домов и их инженерных систем» введено требование по оборудованию частных жилых домов дымовыми автономными пожарными датчиками.

В связи с участившимися случаями массовой гибели в квартирах Министерством по чрезвычайным ситуациям *(далее – МЧС)* проведен анализ текущей ситуации и установленных требований к многоквартирным жилым домам.

По результатам анализа, МЧС выработаны поправки в части обязательного оборудования вновь проектируемых многоквартирных жилых домов, независимо от этажности, системами автоматической пожарной сигнализации, а также по оснащению жилых домов системами контроля загазованности с автоматическим отключением подачи газа при превышении допустимого уровня концентрации используемого и угарного газа.

В настоящее время МЧС совместно КДС МИИР прорабатывается вопрос внесения данных поправок в строительные нормы *(СН РК 2.02-11-2002 «Нормы оборудования зданий, помещений и сооружений системами автоматической пожарной сигнализации, автоматическими установками пожаротушения и оповещения людей о пожаре» и СН РК 3.02-02-2018 «Проектирование одноквартирных жилых домов и их инженерных систем»)*.

Наряду с этим, местными исполнительными органами с привлечением органов гражданской защиты, социальной защиты, образования и полиции

проводится работа по оснащению жилых домов социально-уязвимых слоев населения датчиками пожарной сигнализации на безвозмездной основе.

С 2019 года установлено свыше 100 тыс. датчиков, эффективность которых подтверждена 70 спасенными жизнями в результате своевременных срабатываний.

По информации МЧС с учётом проводимой работы в отопительный период 2020-2021 годов наблюдается снижение количества пожаров (*в 35,4 раза*) и погибших (*в 38 раз*) в домах социально-уязвимых слоев населения (*в 2019-2020гг. – 354 пожара, погибло 38 человек, в 2020-2021гг. – 10 пожаров, погиб 1 человек*).

Работа в данном направлении акиматами регионов продолжается.

***Касательно привлечения к ответственности по результатам следствия виновных должностных лиц по фактам чрезвычайных ситуаций, произошедших в Жамбылской, Кызылординской и Северо-Казахстанской областях***

По фактам взрыва бытового газа в городе Петропавловск, а также пожаров в городе Жанатас Жамбылской области и городе Кызылорда Министерством внутренних дел возбуждены уголовные дела, назначены соответствующие экспертизы *(пожарно-техническая, судебно-медицинская и взрыво-техническая экспертизы)*.

При этом по пожару в городе Жанатас Жамбылской области согласно предварительному заключению Департамента по чрезвычайным ситуациям Жамбылской области технической причиной пожара стало распространение открытого огня на горючие материалы (*дерево, бумага, материя, пластик и т.д.*), местом возникновения пожара является детская комната квартиры из-за возможной игры детей с огнём (*спички, зажигалка и др.*).

По завершению следственных действий (*установлению причин пожаров*) будет дана оценка действиям соответствующих лиц и определена их ответственность.

Ход расследования уголовных дел о пожарах находится на особом контроле Министерства внутренних дел.

***Касательно особого контроля вопросов пожарной безопасности в жилье и усиления системной работы по пожарной профилактике***

Органами гражданской защиты ежегодно реализуется комплекс профилактических мероприятий, направленный на снижение пожаров, взрывов газовых баллонов, гибели и травматизма населения в жилом секторе.

В связи с введением карантинных ограничений адресная профилактическая работа в отопительный период 2020-2021 года в основном проводится в уведомительном порядке путем проведения бесконтактных мероприятий и через средства массовой информации.

Всего в текущий отопительный период обходам подвержено более 2 млн домов, в ходе которых проинструктировано порядка 4 млн граждан.

В ходе обходов в более чем 476 тыс. частных жилых домах выявлено свыше 661 тыс. нарушений требований пожарной безопасности, из них на месте

устранено более 246 тыс. нарушений (*установка предтопочных листов, сушка одежды над отопительными приборами и др.*).

Данная работа уполномоченными госорганами проводится на системной основе.

В целом вопросы обеспечения пожарной безопасности в жилом секторе находятся на постоянном контроле уполномоченных госорганов.

**А. Мамин**

исп. Ертаев А.Т.
тел. 74-51-09